

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі 8D011 – Педагогика және
психология кадрларды даярлау бағытындағы диссертациялық кеңесіне философия
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Ботабаев Галымжан
Еркебаевичтің «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық
толеранттылықтың психологиялық мазмұны» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Педагогикалық толеранттылықты манызды кәсіби сапа ретінде ЖОО оқытушыларында мақсатты қалыптастыру, ал оның кешендік сипаты оқу-тәрбие үдерісіндегі өзекті мәселелерді шешуге бағыт-бағдар беретін теориялық және тәжірибелік нұсқау бола алады. Осыған орай Ботабаев Галымжан Еркебаевичтің «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» тақырыбында орындалған диссертациясы келесі құжаттарды басшылыққа алуымен сипатталып отыр:</p> <ul style="list-style-type: none">- Қазақстан Республикасының Білім туралы заны (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319);- «Педагогтің кәсіби стандарты», («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма тәрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бүйріғына қосымша);- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ);- Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурызындағы №248 қаулысымен бекітілген);- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамыз Республикалық референдумда қабылданды);- Толеранттылық қагидаттары туралы Декларация (ЮНЕСКО-ның 1995 жылғы 16 қарашадағы 5.61 Бас конференциясының карарымен қабылданған).

	<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі);</p> <p><u>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	Ботабаев Галымжан Еркебаевичтің диссертациялық жұмысы ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес орындалған. Зерттеу жұмысы 6D010300 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған.	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /коспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаган.	Диссертацияда оқытушының арнағы кабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны теориялық-әдіснамалық негізделген. Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық жетістіктері педагогикалық толеранттылықтың оқытушының кәсіби сапасын жетілдіру әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығы ашылған және оны тың деректермен нақтылай түсін. Отандық педагогика және психология ғылымының шенберінде оқытушылардың арнағы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылық мәселесіне талдау жасалып, іргелі және қолданбалы білімдерді дамытуға бағдарланып, оқытушылардың арнағы қабілетін дамытуға зерттеудің құрылымдық-мазмұндық бағдарламасы ұсынылып, жоғары оқу орнындағы педагогикалық толеранттылықтың негізгі бағыттары анықталып, кешенді зерттеу әдістемелерінің сарапанауы, «Оқытушылардың арнағы қабілетін дамыту және педагогикалық толеранттылықта тәрбиелеу» моделін жасап, ұсыну зерттеушінің педагогика және

			психология ғылымның саласына қосқан елеулі үлесі. Өйткені, зерттеу нәтижесінде көрсетілген теориялық және практикалық тұжырымдар, қорытындылар мен ұсыныстарды ЖОО маман даярлау саласында колдану керектігінજ маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Диссертант өзі жазу принципін ұстанған, жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қафидаттары мен ғылыми стилі жетік. Диссертациялық жұмыстағы анықтамалар мен ой-пікірлерге, негізгі ұғымдарға, ғылыми әдебиеттерге жасалған талдаулары, нәтижелері өзіндік тұжырымдарымен корытындыланған. Диссиденттүн қорғауга ұсынып отырған қағидалары зерделеген, зерттеу нәтижелерінің талқылануы мен жүзеге асырылуы жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады (11-13- беттер).
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: <u>1) негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Ботабаев Галымжан Еркебаевичтің диссертациялық жұмысының өзектілігі толығымен негізделген (6-10-беттер). Диссертация такырыбының өзектілігі ЖОО білім беру жүйесінде оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы қажеттілігі мен аталған мәселенің теориялық тұрғыда зерттеу және әдістемелік жағынан камтамасыз етудің маңыздылығы анықталған. Бұл ЖОО оқытушыларының арнайы қабілетін дамытуға, педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін онтайлы деңгейін камтамасыз етуді жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтағанымен ерекшеленеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) <u>айқындауды;</u> 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Ботабаев Галымжан Еркебаевичтің диссертациялық жұмысының мазмұны «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» атты диссертация тақырыбын толық көлемде айқындауды. Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұнының теориялық және практикалық маңыздылығын ашуға бағытталған. Бұл мәселені шешу ең алдымен педагогика және психологиядағы педагогикалық толеранттылықтың теориялық-әдіснамалық негіздерін ғылыми

тұрғыдан талдаپ, ЖОО оқытушысының арнайы кәсіби қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың ерекшелігін жан-жакты қарастырған. Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуды зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделін ұсыну арқылы, ЖОО педагогикалық толеранттылықтың негізгі бағыттары мен оны оқытушыларда қалыптастырудың рөлін айқындаған. Жоғары оку орындарындағы оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу әдістемелерін жүйелеп, сапалық және сандық тұрғыда эксперименттік тәжірибе жұмысын жүргізіп, кешенді талдау жасаған. Эксперименттік тәжірибе жұмысының нәтижелерін ғылыми тұрғыда жүйелі сипаттаған.

4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:
1) сәйкес келеді;
2) жартылай сәйкес келеді;
3) сәйкес келмейді

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты – оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұнын теориялық тұрғыда негіздеу және оны тәжірибеде жүзеге асырудың әдістемесін жасау. Осыған сәйкес зерттеудің ғылыми болжамын ұсынған. Зерттеудің мақсаты мен ғылыми болжамы бойынша диссертант накты міндеттерін айқындал, зерттеуге дейін жарияланған енбектер мен жүргізілген зерттеулерді жұмыс мазмұнына қарай жүйелеген, мағыналық талдау жасаған және ғылыми тұрғыда негіздеген. Отандық және шетелдік педагогика және психологиядағы педагогикалық толеранттылық ұғымына сипаттама жасаған. Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға сабак беру және тәрбиелеу іс-әрекетінің нәтижелілігіне педагогикалық толеранттылықтың әсерін анықтаған. Пән оқытушысының арнайы қабілеттеріне теориялық-тәжірибелік психологиялық талдау жүргізген, арнайы қабілеттердің құрылымдық-мазмұндық моделін құрастырған, оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін онтайлы деңгейін қамтамасыз ету жүйесі зерделенген, зерттеу

		әдістемелері анықталып, жүргізілген зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы ұсынылған және тәжірибелік эксперимент жұмысы арқылы тиімділігін дәлелдеген.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок		Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспе, нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеудер мен қысқартулар, үш бөлім және әр бөлім 3 тараудан, корытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Бірінші бөлімде оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылық психологиялық зерттеудің пәні ретінде қарастырылып, оқытушының кәсіби маңызды сапа көрсеткіші бағытында сипатталса, екінші бөлімде оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін тәжірибелік-эмпирикалық зерттеу мен статистикалық өндеу жүргізілген. Үшінші бөлімде оқытушының арнайы қабілетін педагогикалық толеранттылық арқылы дамыту жолдары, құрастырылған арнайы бағдарламаның тәжірибелік тиімділігі мен әдістемелік ұсыныстар берілген. Диссертациялық жұмыстың жалпы құрылымы мен зерттеу жұмысын орындау барысында кол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған. Зерттеу жұмысының бөлімдері логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастырымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қысынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.
4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қафидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сынни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес,		Диссертация зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес орындалған, сынни талдаулары бар. Г.Е.Ботабаевтың зерттеу жұмысында жаңа шешімдер, қафидаттар, әдістер дәлелденіп, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сынни тұрғыдан талдауладың барын көрсетеді. Өйткені, зерттеу жұмысында шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріндегі оқытушының арнайы қабілеті, толеранттылық теорияларына талдаулар

		басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	жасалған. «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» ұғымын біріншіден, мәселелердің белгілі бір шенберінде хабардарлық ретінде, екіншіден, белгілі бір мәселелерді шешу қабілеті ретінде, үшіншіден белгілі бір мәселелерді шешу құқығы мен өкілеттігі ретінде үш бағытта қарастырып, оның психология ғылымы үшін алғашқы екеуінің маңыздылығын жан-жақты сипаттап, талдау жасаған. Бұл диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қорытындылары оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны туралы мәселенің ғылыми-теориялық негізін нақтылайды.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жана болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Диссертант Г.Е.Ботабаевтың зерттеу барысында өзіндік талдаулар жасап, тың тұжырымдар ұсынған.</p> <p>Бірінші ғылыми нәтижеге жету үшін диссертант зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сәйкес жинақталған материалдарды саралап, оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны мен теориялық негіздері ашылған, бұл бірінші нәтиженің жаңа екендігіне дәлел.</p> <p>Екіншіден, ғылыми нәтижеге жетуде оқытушының арнайы қабілеттеріне теориялық-тәжірибелік тұрғыда психологиялық жағынан талдау жүргізу, арнайы қабілеттердің гипотезалық теориялық моделінің әзірленуі - екінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Үшіншіден, ғылыми нәтижеге жетудегі ғылыми еңбектерді зерделеуде оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұнына сипаттама берілуі нәтиженің толығымен жаңа болып табылатынын айқындайды.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже ретінде ЖОО оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға</p>

педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін оңтайлы денгейін камтамасыз ету бойынша «Педагогикалық толеранттылық психологиясы» бағдарламасының құрастырылып, тиімділігі тәжірибеге енгізілуімен **толығымен жаңа** деп санаймыз.

5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?
1) толығымен жаңа;
 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);
 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

Г.Е.Ботабаевтың диссертациялық жұмысының корытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдістәсілдердің практикалық тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның корытындылары деп келесілерді айтамыз.

Бірінші корытынды педагогикалық толеранттылықтың негізгі теориялық тұжырымдамалары ғылыми бағыттар шенберінде жасалғанын куәландырады. Аталған тұжырымдамаларды ғылыми талдау және синтездеу және олардың негізінде әзірленген педагогикалық толеранттылықтың түрлері, формалары мен деңгейлері жіктемелері, сондай-ақ эмпирикалық зерттеу нәтижелері педагогикалық толеранттылықты анықтауды калыптастыруға мүмкіндік берді-бұл білім беру үдерісінің барлық оқытушының арнайы қабілетін дамытуда өзара іс-қимыл жасау дағдыларын менгерген; ЖОО -ғы оқытушының арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылығының психологиялық ерекшеліктерін анықтауга кешенді диагностика жүргізілген; эмпирикалық мәліметтерден зерттеудің нәтижелерінің жіктелуі педагогикалық толеранттылықтың жоғары деңгейі бар оқытушының арнайы қабілетінің төрт түрін (бірінші түрі: күшті мінез, ұстамдылық, сенімділік; екінші түрі: жоғары интеллект, сенімділік, темперамент консерватизмі, топтық тәуелділік, үрейленудің тәмен деңгейі; ушінші түрі: импульсивтілік, төзімділік, темперамент консерватизмі; төртінші түрі: жоғары бағалау, тілектестік, ілтипаттылық және дипломатизмі) бөліп көрсетуге мүмкіндік

			<p>берген; ЖОО оқытушыларының арнайы кабілеттерін және коммуникативті толеранттылығын анықтау және педагогтың педагогикалық толеранттылығының үш компонентін анықтауға мүмкіндік берген. Диссертациялық зерттеудің ұсынылған болжамын растау мақсатында оқытушының арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылығының психологиялық ерекшеліктерінің динамикасы зерттелген. Эмпирикалық зерттеуде жалпы оқытушының арнайы қабілетінің көрсеткіштері мен педагогикалық толеранттылығының психологиялық ерекшеліктері анықталынып, арнайы бағдарлама мен моделі құрылған. ЖОО-ғы оқытушылардың арнайы қабілеті оқутәрбие үдерісінің субъектілері арасындағы әлеуметтік және тұлғааралық қарым-катаинастардың ең жоғарғы деңгейіндегі мәліметтерімен сипатталған. Жүргізілген диссертациялық зерттеудің практикалық нәтижелері ЖОО оқытушыларына, білім беру жүйесінің педагогтарына арналған арнайы біліктілікті арттыру курстарын әзірлеуде іске асырылған. Бұл материалдарды оқытушылар, педагог мамандар, әсіресе практик-психологтардың тәжірибесінде қолдануға болады.</p>
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	<p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертант Ботабаев Галымжан Еркебаевичтің ұсынған оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұнының ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген. Ол диссертациялық жұмысты орындау барысындағы алынған тұжырымдар, тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері, ендіру актілері, ғылыми жарияланымдары арқылы расталынады.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боюнша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің корытындылары дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған. Зерттеу жүргізу нәтижесінде жасалған корытындылар ЖОО оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылық мәселесі теориялық және практикалық жағынан құнды еңбектердің</p>

			бірі. Зерттеу жұмысында көлтірлген теориялық тұжырымдар, қағидалар, корытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды білім беру мекемелері мен ЖОО-да маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті педагог мамандарды қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жок</p>	<p>Докторант Г.Е.Ботабаевтың диссертациялық жұмысындағы қағидаттар толығымен дәлелденген, тривиалды емес, бұл нақты нәтижелердің көрсетілгендейімен дәлелденеді. қолданылу деңгейі кен. мақалада дәлелденген. Өйткені ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеудің мақсат пен міндеттерден туындаған жұмыстың теориялық және тәжірибелік нәтижесі. Жоғары оқу орнының оқытушыларының арнайы педагогикалық қабілеттерін диагностикалау және олардың қабілеттерінің жоғары көрінісіне тікелей әсері дәлелденген. Зерттеу жұмысындағы негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық конференцияларда және баскада ғылыми басылымдарда жарияланған. SCOPUS мәліметтері базасына енгізілген журналдарда - 1; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда - 3; Республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларының материалдарында - 5 мақала, халықаралық әлеуметтік-гуманитарлық конгресс материалдарында 1 мақала жарық көрген. Мақалаларда қағидалар дәлелді пайымдалған және диссертация мазмұнында мақалаларға сілтеме берілген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жок</p>	<p>Диссертацияда әдістеменің тандауы негізделген және әдіснама нақты жазылған. Г.Е.Ботабаевтың диссертациялық жұмысындағы теориялық-әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың жиынтығы ретінде қарастырылып, дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігіне негізделген. Автор диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теориямен практиканың</p>

бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық, қолжетімділік және демонстрациялау ұстанымдарын басшылыққа алған. Екінші бөлімнің 1 тарауында оқытушының арнайы қабілетін зерттеу әдістемелеріне сипаттама беріліп, әдістеменің таңдау негізделген. Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеуде ғылыми әдіснама ретінде кәсіби іс-әрекеттік коммуникативтік қабілеттілігі, тұлғааралық қарым-қатынас құзыреттілігі, мамандыққа икемділігі, кәсіби іс-әрекеттің практикалық бағыты, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамыту, өзін-өзі сынау ұстанымдары басшылыққа алынғаны көрсетілген.

8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:

- 1) ија;
- 2) жок

Диссертация жұмысының нәтижелері бойынша:

Теориялық: ғылыми-зерттеу еңбектерін теориялық-әдіснамалық талдау, зерттеу жұмыстарына шолу, оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұнын айқындау мәселесінің нормативтік құжаттары мен оқу-әдістемелік құралдарын контент-талдау, негіздеу, модельдеу жасалған;

Эмпирикалық: ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу, бақылау, диагностикалау, сауалнама, эксперимент, зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу, корреляциялық талдау, интерпритациялау әдістемелерін қолдана отырып жүйелеген.

Деректер массивін өңдеу құралдары ретінде Microsoft Excel және SPSS бағдарламаларының статистикалық мүмкіндіктері қолданылған. Бұл диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғанын растайды.

8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылықтар эксперименттік

Г.Е.Ботабаевтың диссертациялық жұмысының теориялық тұжырымдары оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны маман даярлау үдерісінде педагогикалық эксперимент

	<p>зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иЯ;</u> 2) жок</p>	<p>негізінде дәлелденген. Зерттеу жұмысының косымшасында оқу-тәрбие үдерісіне ендіру актілерімен расталған. «Оқытушының арнайы қабілетін дамыту және педагогикалық толеранттылықта тәрбиелеу» моделін ұсынумен зерттеу жұмысының теориялық ұтымдылығы айқындалады (108 бет). Модельдің құрылымдық жүйесі процестік, мазмұндық және мақсатты компонент ретінде жүйеленген, білім беру, даму және тәрбиелеу мақсатына негізделіп бөлімдер өзара қисынды байланысқан. Сонымен қатар, «Толерантты педагогтың моделі» ұсынылады (116 бет). Бұл зерттеудегі теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занбалылар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған жұмыстардың түйіні ретінде педагогтың кәсіби тұлғасындағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұнын сипаттайды.</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны – 175. Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторлардың енбектеріне шолу жасалған</p>	
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Жалпы зерттеу жұмысында 175 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген. Оның ішінде, заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттар, зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми енбектер, оқулық, оқу-әдістемелік құралдар, мерзімдік басылымдар.</p>	
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иЯ;</u> 2) жок</p>	<p>Диссертация теориялық тұрғыдан маңызды зерттеу жұмысы деп айтуда негіз бар.</p> <p>Зерттеудің теориялық маңызы:</p> <p>1) отандық және шетелдік педагогика және психологиядағы педагогикалық толеранттылық сипаттамаларын түсінудің негізгі теориялық тәсілдері айғақталған;</p> <p>2) оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға сабак беру және тәрбиелеу іс-әрекетінің нәтижелілігіне педагогикалық толеранттылықтың әсері анықталған;</p>

3) пән оқытушысының арнаіы кабілеттеріне теориялық-тәжірибелік психологиялық талдау жүргізілген, арнайы кабілеттердің гипотезалық теориялық моделін әзірлең, интегралдық даралық теория арнасында педагогикалық толеранттылықтың психологиялық тұжырымдамасын қалыптастырған;

4) оқытушылардың кәсіби қалыптасу кезеңдеріне байланысты әртүрлі пәндер олардың арнайы кабілеттерінің педагогикалық толеранттылық пән психологиялық құрылымын тәжірибелік тексерістен өткізген;

5) арнайы кабілеттерді детерминациялайтын интегралды даралықтың әртүрлі деңгейлі қасиеттерінің педагогикалық толеранттылықтың кешендерін анықтаған.

Зерттеудің негізгі мақсатына сәйкес алынған нәтижелер, жұмыстың жалпы құрылымы мен ішкі бірлігінің жоғары деңгейде орындалғанын көрсетеді. Бұл ғылыми шешімдер кешені бірізді және өзара байланысты болып, ғылыми біліктілігі бар, іргелі тұстастанған жетістік ретінде бағаланады.

9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:
 1) иля;
 2) жок

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы эмпирикалық зерттеуден алынған нәтижени талдау арқылы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық тәсілдерін айқындау мәселесін әдістемелік тұрғыда шешуге арналған жұмыстың құралдары, әдістері, формалары, технологиялары зерттеу жұмысының колданбалы маңызының бар екенін дәлелдейді. Алынған нәтижелердің практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары.

9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?
 1) толығымен жаңа;
 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);
 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

Диссертанттың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа:
 - әлеуметтік толеранттылықтың болуы оқытушыға білім беру үдерісінің барлық катысушыларымен тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін, кәсіби стресстерге жоғары тұрақтылығын және кәсіби қызметті тиімді құруға ықпал ететін ЖОО оқытушыларының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылығының қалыптастыруға

бағытталған арнайы жетекші оқу бағдарламаларын (оқу пәні, арнайы курстар, семинар, тренинг) ұйымдастыру;

2) зерттеу жұмысында оң нәтиже берген толеранттылық мәдениеті мен қарым-катаинас күзыреттілігін қалыптастыруға негізделген «Оқытушылардың арнайы кабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылығы» курсының бағдарламасын тәжірибеде пайдаланудың тиімділігі жогары;

3) оқытушылардың кәсіби саласында жастарға, әртүрлі жастағы магистранттарға, зейнет жасындағы білім алушыларға бағыттап білім беру тәжірибесінде кәсіби шеберлікті қалыптастырудың ажырамас бөлігі ретінде қолданылатын педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұнының әдістемелік бағытын білім беру мекемелері мен ЖОО-да маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті педагог мамандарды кайта даярлау жүйесінде пайдалануға ұсынылады.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жогары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жогары. Ғылыми жұмыс диссертацияға койылатын талаптарға сай жазылған. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сактаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен коса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация мамұндағы негізгі ұғымдық категориялар жүйесі жеткілікті жазылған. Диссертацияның тұжырымдары мен корытындылары осы бағыттағы болашақ зерттеулерге негіз қалайды.
11.	Диссертацияға ескертулер		Зерттеу жұмысының нәтижесін арнайы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұнына бағдарланған оқу-әдістемелік құрал ретінде көпшілікке тарату ұсынылады
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		Диссертанттың зерттеу тақырыбына сәйкес және зерттеу нәтижелері бойынша Web of Science Core Collection немесе Scopus деректер базасында 1 макала, Қазақстан Республикасының Ғылым және жогары білім министрлігінің Ғылым және жогары

(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)

білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымда 3 мақала, шетелде өткен халықаралық конференция материалдарында 5 мақала, халықаралық әлеуметтік-гуманитарлық конгресс материалдарында 1 мақала жарық көрген.

Автор зерттеу жұмысында төмендегі мақалаларына сілтеме жасаған:

1. Оқытушы мен студенттердің педагогикалық толеранттылықтары мен жеткіліксіз толеранттылығына креативтіліктің әсерін зерттеу // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Психология». – 2020. – №4 (65). – С. 21-25.

2. Psychological Content of Pedagogical Tolerance in the Development of Special Abilities of the Teacher // RIGEO. Review of International Geographical Education. – 2021. – №11(5). –Р. 4132-4137.

3. Оқытушының арнағы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың әсерін теориялық және эксперименттік талдау. // Хабаршы Абай атындағы Қазак ұлттық университеті «Психология» сериясы. - 2020. - №2 (63). – Б. 148-154.

4. Педагогикалық толеранттылық – оқытушының арнағы қабілетін дамытудағы психологиялық әсері // Фараби әлемі: матер. VI – Междунар. науч. конф. студентов и молодых 143 учёных (02-11 апреля 2019 г.) / КазНУ им. аль-Фараби. – Алматы: Қазак университеті, 2019. – С. 146-149.

5. Оқытушының толеранттылығы мен коммуникативтік құзыретілігінің сабактастығы // Proceedings of the 1st International scientific practical conference “New opportunities for developing the scientific partnership in Europe” (April 20-21.2020.) – Aachen, Germany: Eurasian Education, Science and Innovation Journal. – 2020. – Volume 1. – Р. 35-39.

6. Қабілеті дамытуға педагогикалық толеранттылықтың әсерін теориялық талдау. // Образование и психолого-педагогическая наука: системность, преемственность, инновационность: матер. Междунар. науч.-практич. конф. посвященной 110-летию со дня рождения академика Т.Т. Тажибаева (05 мая 2020 г.) /КазНУ им. аль-Фараби. – Алматы: Қазак университеті, 2020. – С. 40-43.

7. Оқытушылардың педагогикалық

			<p>толеранттылығын эксперименттік зерттеу // Проблемы современного качества образования и духовного обновления – ориентация в будущее: матер. Междунар. науч.-практич. онлайн-конф. посвященная Дню Независимости Республики Казахстан. (18 декабря 2020 г.) / университет «Кайнар». – Алматы: Вестник университета Кайнар. – 2020. – №4/2. – С. 97- 103</p> <p>Барлық жарияланымдар диссертация мазмұнына сәйкес келеді.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	<p>1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;</p> <p>2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);</p> <p>3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бастарту.</p>	<p>Ботабаев Галымжан Еркебаевичтің 6D010300 - Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>

Ресми рецензент:

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
психология ғылымдарының кандидаты



Ш.Турдалиева болып растаймын
«Дулати университеті» КЕ АҚ
Персоналды басқару қызметі

« 19 » 12 2024 ж